6+

# Magjan juldyzy

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 41 (788) 12 қазан 2023 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ОРАҚ - 2023

**Өңір диқандары ауа райының қолайсыздығына қарамай орақ науқанын аяқтауға жақын. Биыл облыс алқаптарына барлығы 3,4 млн гектар дәнді және дәнді-бұршақ дақылдары, 658,8 мың гектар жерге майлы, 367,4 мың гектарға жемшөп, 28 мың гектарға картоп, 5,5 мың гектарға көкөніс дақылдары егілген еді.**

## ЖИЫН-ТЕРІМ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Жуырда облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовтың қатысуымен өткен орақ науқанын талқылаған отырыста барлық астықтың 6,8 пайызы ғана жиналмай тұрғаны туралы ақпар берілді.

Тамыз айының басынан облыс диқандары орақ науқанына қауырт кірісіп, үздіксіз жауған жауынға дейін 900 мың гектар жердің астығын орып, 1 млн тоннадай дән алған. Содан кейін толассыз жауған жаңбыр диқанның қолын байлады. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағамбетовтің айтуына қарағанда, тамыздың екінші жартысынан бастап үзілмеген жаңбыр 50 мм-ге дейін алқаптарды сулап, қалыпты нормадан 8 пайызға асып кеткен. Ал қыркүйекте жауған жауын 54,2 мм жетіп, норма бойынша түсуге тиісті 28 мм-ден екі есеге жақын асып кеткен. Әрине, мұндай жағдайда солтүстіктің езіліп кететін қара топырақты алқаптарына комбайн кіре алмайды. Сондықтан орылған астық көп жерлерде өсіп кетіп, дәннің сапасын барынша төмендетіп жіберді.

Соған қарамай, арагідік ашық болған 4-5 күнді тиімді пайдаланған диқандар күндіз-түні жұмыс істеп, астықтың негізгі бөлігін жинап алды. Марат Тасмағанбетовтің сөзінше, дәнді дақылдар мен дәнді бұршақ дақылдары егілген алқаптардың 93,2%-ын, яғни 3 млн 174,9 мың гектарына жиналған. Жиналған барлық астықтың көлемі 3,4 млн тонна болып отыр, ал гектар берекелігі 10,8 центнерден айналған.

Алайда бұл жалпы науқанының толық аяқталуына жақын қалды дегенді білдірмесе керек. Өйткені майлы дақылдардың тек 30,5%-ы ғана жиналған, 147,7 мың тонна ғана өнім алынды. Гектар берекелігі де жылдағыдан төмен, 7,1 центнерден айналуда. Халық арасында «екінші нан» атанған картоптың да жиналмаған 23,2 мың гектары бар. Бұл – барлық алқаптың 17,4 пайызы. Көкөністер де толық жиналып болған жоқ, тек 79,5%-ы жиналды. Синоптиктердің болжауына қарағанда алдағы күндерде ауа райы біршама ашық болады. Осы күндерде қалған егіс тегіс жиналар деген үміт бар.

Мемлекет тарапынан шаруаларға қуатты қолдау көрсетілді. Облыс еңбеккерлері әр литрі 250 теңгеден 58,9 мың тонна арзандатылған дизельдік отын алды. Астық қабылдау кәсіпорындары түскен астықты бөгеліссіз қабылдап жатыр. Олар жалпы көлемі 6,9 млн тонна астық қабылдай алатындай мүмкіндікте. Лицензиясы бар астық қабылдау бекеттері бүгінгі таңда 780 мың тонна астық қабылдады. Соның 620 тоннасы – бидай, 88,1 тоннасы – арпа, қалғаны басқа дақылдар. Үшінші класты астықтың үлесі – 58 пайыз. Облыста ылғалды астықты құрғатып, үшінші класты сапаға жеткізетін тәуліктік қуаты 233 мың тонна болатын 317 астық құрғату орындары бар. Оларға да жеңілдетілген бағамен Үкімет 19,7 мың тонна дизельді отын босатты.

«Азық-түлік корпорациясы» АҚ дәннің сатып алу бағасын әлі бекіткен жоқ. 2024 жылдың есебіне 326 мың тонна тұқым қорланды. Бұл – қажетті көлемнің 68,6%-ы

Тұқымның сұрыптық және егу сапасын анықтау үшін облыстық бюджеттен 70 млн теңге бөлінді. Қазір барлық аудандарда осы жұмыстарды атқаратын зертханалар бар. Алдағы жылдың егіс науқаны да назардан тыс қалмаған. Облыс диқандары бүгінге дейін 1,4 млн гектар сүдігер жыртқан.

Отырыста облыс әкімі Ғауез Нұрмұхаметов шаруалардың әр ашық күнді тиімді пайдалануын қамтамасыз ету керектігін атап өтті. Сонымен бірге ол ауыл шаруашылығы басқармасы мен аудан әкімдеріне астықты тәулік бойы қабылдауды ұйымдастыруын тапсырды. «Ауыл шаруашылығы құрылымдарында осы заманғы жабдықталған астық сақтау орындары бар-жоғына сарап жасау керек. Астықтың қоймалар мен элеваторларда бүлінбей сақталуын қамтамасыз етуді қадағалаңыздар», деді. Сонымен қатар Ғ.Нұрмұхамбетов әкімдерге серіктестіктер мен қожалықтар жұмысшыларын еңбек жағдайын, қауіпсіздік шараларын, еңбекақыны уақтылы төлеуін бақылауды тапсырды.

Жақсыбай САМРАТ.

## ТАҒАЙЫНДАУ



***Қорғаныс Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының 11.09.2023 жылғы бұйрығымен ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы болып майор Мелдебеков Нұржан Беркімбайұлы тағайындалды.***

Тағайындалғанға дейін ол Жамбыл облысы Қордай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы лауазымында қызмет атқарды. Үйленген, бес бала тәрбиелеп отыр.

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

## АУДАНДА АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР АТҚАРЫЛУДА




6 қазан күні аудан әкімі Қайрат Омаров № 2 Булаев орта мектебінің акт залында қала тұрғындарымен кездесіп, 2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша есеп берді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталған аудан басшысы есепті кезеңде ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі - 14.1 млрд. теңге, нақты көлем индексі - 102.6 пайызды құрағанын жеткізді.

- Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 2023 жылға күтілетін көлемі - 93.3 млрд. теңге. Біз егіс науқанын оңтайлы агротехникалық мерзімде аяқтадық. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 107.1 мың га алқапқа 14 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізді, ағымдағы жылдың қаңтар-мамыр айларында 141 техника сатып алынды.

Егін жинау науқанына келетін болсақ, бүгінгі таңда егіннің 95% жиналды. Бізде орташа өнімділік гектарына - 10 центнерді құрап отыр. Бұған ауа райының жағдайы әсер еткені сөзсіз, мәселен, маусым мен шілде айлары аралығында аптап ыстық болса, тамыз және қыркүйек айында нормадан артық жаңбыр жауып, дәннің пісуіне және оны уақытында жинап алуына теріс әсер етті.

Мал шаруашылығына келетін болсақ, бізде мал басының өсуі 1-ден 3-4%-ға дейін сақталады. Ауданда сүт-тауарлы фермалардың ашылуы мал санының өсуіне септігін тигізіп отыр. Соңғы бірнеше жылда біздің ауданда үш сүт-тауарлы кешен ашылды: «Полудинское» ЖШС, «Ноғайбай» ЖШС, «Қызылжар МТС» ЖШС.

Қазіргі кезде біз Советское ауылында 1.200 мың басқа арналған тағы бір сүт-тауарлы кешен салуды жоспарлап отырмыз. Шошқа шаруашылығын дамыту үшін «Альжан Жуан» ЖШС базасында Возвышенка ауылында мың басқа арналған шошқа кешенін салуда жоспарда бар.

Мал шаруашылығын дамыту - жерді өндіріс процесіне қайтару құралдарының бірі. Жайылым мәселесі барлық елді мекендерде көтеріліп келеді және оны шешу үшін біз нақты жұмыстар жүргіздік. Мәселен, биыл жоспарланған 10 мың гектар жердің 7.5 мың гектары қайтарылды, бірақ өткен жылы 16.1 мың гектар жерді қайтардық, сондықтан Прокуратурамен бірлесіп жұмыс істеудің арқасында біз екі жыл ішінде жалпы 23.6 мың гектар жерді қайтарып алдық.

Медвежка және Новотроицкое ауылдарында 355 га алқапта жайылымдық жерлер ұлғайтылды.

Азық-түлік мәселесін шешуде жеке қосалқы шаруашылық пен бау-бақша шаруашылығын дамыту маңызды көмек болып табылады. Сондықтан біз бұған көп көңіл бөлеміз.

Мысалы, бізде көкөніс өсіретін «Золотарев» жеке кәсіпкері бар. Биыл ол 150 тонна қырыққабат, 10 тонна қызанақ, 200 тонна картоп және 20 тонна қияр өсірді.

Ауданда жолдарды, сумен жабдықтау желілерін, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жөндеу, спорт және балалар алаңдарын жайластыру басым міндеттер болып қала береді.

Соңғы 4 жылда біз аудан бойынша 10-нан астам балалар ойын алаңы орнатылды.

Булаев қаласының Северная көшесінде балалар ойнау алаңы орнатылды, Луговой көшесі бойынша алаңда жасанды көгал төселді.

Аудан аумағында 700 км қатты жабынды, топырақ және қиыршық тас төселген жолдар бар.

Жалғасы 2-бетте.



МОБИЛЬДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

# БУЛАЕВ ПЕН ВОЗВЫШЕНКАДА МОБИЛЬДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ



**«AMANAT» партиясының мобильді қоғамдық қабылдау бөлмелерінің аймақтарға сапары жалғасуда. 9 қазан күні партия мүшелері Мағжан Жұмабаев ауданында болып, Булаев қаласы мен Возвышенка ауылы тұрғындарының ұсыныс-сауалдарын тыңдап, көкейкесті мәселелерімен қанықты.**

Мобильді қоғамдық қабылдауға «AMANAT» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің консультанты Батырхан Чалагулов, «AMANAT» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Болат Данияров, партия облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Гүлфира Рамазанова, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Елена Гонтарь, Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің СҚО бойынша департаменті зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы Күлбаршын Әубәкірова, партия аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов, аудандық мәслихаттың депутаттары Ермек Бәкіров пен Гүлбану Сағындықова, аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов және аудан әкімдігінің бөлім басшылары қатысты.



- Ауыл тұрғындары партияның аудандық немесе облыстық филиалына әрдайым келе бермейді және оларға мәселені облыстық мәслихаттағы партия фракциясының депутаттарына жеткізу оңай емес. Біз тұрғындардың түйінді мәселелерді алға тартып келуін күтіп отырмай, оларға өзіміз барамыз. Бұл бірреттік акция емес, тұрақты түрде өткізіледі. Бұл тіпті, шалғай ауылдардың проблемаларын назарға алып, сол бойынша жүйелі шешімдер қабылдау үшін ақпаратты талдауға мүмкіндік береді, – деп түсіндірді Болат Данияров.

Мағжандықтар қоғамдық қабылдау барысында білім беру мекемелерін жөндеуден өткізу, колледжде спорт кешенін салу, елді мекен жолдарын жөндеу, ауылдарға кіре-беріс жолдарына жөндеу жасау сияқты мәселелерді көтерді. Тұрғындардың сұрақтарына тиісті бөлім басшылары нақты жауаптар берсе, партия өкілдері тұрғындардың сұрақтарын қағаздарына түртіп алып, жауапты мемлекеттік органдармен бірге бірлесе шешуге тырысатынын жеткізді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!




## «ҰЛЫ ДАЛА» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ 130 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ

***«AMANAT» партиясы мен Жазушылар одағы бірлесіп «Ұлттық мұра» жобасы аясында жыл сайын өткізілетін «Ұлы Дала» республикалық шығармашылық байқауы биыл Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы - Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналып отыр.***

Шығармашылық доданың басты мақсаты - ұлттық және рухани құндылықтарды паш ететін бүгінгі отандық авторлардың шығармаларын қолдау және насихаттау.

Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы ойларды жаңғырту арқылы ағартушының еңбектері мен қайраткерлік ұстанымын өскелең ұрпаққа дәріптеу.

Байқау бес номинация бойынша өткізіледі: «Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Әдеби сын», «Балаларға арналған шығарма». Жүлделер 500 000 - 1 000 000 теңге. Сонымен қатар «Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығы» арнайы жүлдесі - 1 000 000 теңге, «Алаш аманаты» арнайы жүлдесі - 1 000 000 теңге.

Байқауға шығармалар 2023 жылғы 11 қыркүйек пен 10 қараша аралығында ulydala-sqo@amanatpartiasy.kz электрондық мекенжайы бойынша қабылданады.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында Астана қаласында өтеді.

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

# АУДАНДА АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР АТҚАРЫЛУДА

**Жалғасы, басы 1-бетте.**

Ағымдағы жылы автомобиль жолдарын жөндеуге 4 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді. Біз 12 км Булаево-Чистое аралығындағы республикалық жолдың учаскесіне жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Облыстық қаражат есебінен Қарақоға-Надежка жолына шұңқырлы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Кірме жолдарға келер болсақ, Бәйтерек, Ганькино, Полтавка, Новотроицкое, Лебяжье ауылдарында жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Кентішілік жолдарды жөндеуге 1.1 млрд. теңге бөлінді. Жастар, Бәйтерек, Лебяжье, Қарағанды, Сулышоқ, Новотроицкое, Надежка ауылдарында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Аудан орталығы туралы айтатын болсақ, биыл Уәлиханов, Мәметова, Құнанбаев және Береговая көшелерінде жөндеу жұмыстары аяқталды. Алдағы жылы тағы да 9 көшені жөндеу жоспарда бар.

Жалпы, 2023 жылы аудан бойынша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесі 78%-ға жетті.

Тұрғын үй құрылысы саласында биыл 3670 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 3 қабатты 45 пәтерлі несие үйінің құрылысы жалғасуда. Бұл Отбасы банкінің бағдарламасы, тұрғын үй құны 1 шаршы метр үшін 160 мыңнан аспайды.

Бүгінгі таңда ауылдардың 99%-ы ауыз сумен орталықтандырылған жүйелерден қамтамасыз етілген. 2023 жылы сумен жабдықтау жұмыстарына 2.1 млрд. теңге бөлінді. Ағымдағы жылы сумен жабдықтау объектілерін салу және реконструкциялаумен 8 елді мекен қамтылды: Писаревка, Октябрьское, Жастар, Молодогвардейское, Қарағанды, Александровка, Новотроицкое, Таманское. Аудандық бюджеттен сумен жабдықтауды ағымдағы жөндеуге 12 елді мекенге 75.9 млн. теңге бөлінді.

Бүгінгі таңда бізде 100% жарықтандырылған 24 ауыл бар, 16 ауыл 80-ден 99%-ға дейін, 8 елді мекен 50-ден 79%-ға дейін жарықтандырылған. Алайда, 15 елді мекеннің жарықтандыруы, тіпті, 50%-ға да жетпейді.

Жалпы, ағымдағы жылы электрмен жабдықтау және көшелерді жарықтандыруды жөндеуге аудандық бюджеттен 40 млн. теңге бөлінді, жұмыстар 20 елді мекенде жүргізілуде. Бүгінгі таңда Булаев қаласы 75% жарықтандырылған.

2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша тіркелген жұмыссыздар саны - 285 адамды құрап отыр. Әрине, бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары, жұмыссыздар саны жоғары, бірақ біз мұнда ресми сандар туралы айтып отырмыз. Экономикалық белсенді тұрғындардан жұмыссыз халықтың үлесі - 1.5 % құрайды.

Аудан бойынша тұрақты жұмыс орындарына 1063 адам жұмысқа орналастырылды (647 жаңа жұмыс орны құрылса, бос орынға 416 адам орналастырылды). Қазіргі таңда аудандағы мемлекеттік қызметтегі бос орындар саны – 16 болса, шаруашылық субъектілерінде 73 бос жұмыс орны бар. Сондықтан жастарды, жалпы тұрғындарды осы жұмыстарға шақырамыз.

2023 жылы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды дамыту үшін 22 мемлекеттік грант беру жоспарланған.

Бүгінгі таңда жалпы сомасы 19.2 млн. теңгеге 16 грант берілді. 11-21 қыркүйек аралығында үшінші лекке өтінімдер қабылданды. Комиссия 28 қыркүйекте өтті, 11 млн-ға 12 үміткер мақұлданды: негізгі салалар мал шаруашылығы және техникалық жабдықтар болды.

2023 жылы аудан бойынша 11 сыныпты 164 оқушы бітірді, оның 64%-ы ҰБТ-ға қатысты, аудан бойынша орташа балл - 75.5, бұл облыстан 4%-ға төмен (облыс 78.2). 99 оқушы ҚР жоғары оқу орындарына оқуға түссе, 28 оқушы басқа елдерде білім алуда. Облыстық қаражаттың қолдауымен ағымдағы жылы Октябрьское орта мектебіне күрделі жөндеу жүргізілді. Біз Қарағанды ОМ, Булаев бөбекжай кешеніне жөндеуге ЖСҚ әзірлеп жатырмыз.

Бүгінгі таңда ауданда 39 дәрігер, 202 орта медициналық қызметкер жұмыс істейді. Кадр тапшылығы - 7 дәрігер (2 жалпы тәжірибе дәрігері, 1 хирург, 1 дерматовенеролог, 1 офтальмолог), биыл кардиолог және офтальмолог бос жұмыс орындары жабылды. Жыл соңында дәрігер-түлектердің келуі есебінен хирург, жалпы тәжірибе дәрігері бос орындарын жабу жоспарлануда.

Биыл Қарақоға және Возвышенка ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар салынуда. Полтавка ауылында ФАП жөндеуден өтті. Келесі жылы Чистовское және Советское ауылдарында екі ФАП және Бәйтерек, Надежка және Бастомар ауылдарында медициналық пункттер салу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта Таман ауылдық Мәдениет үйінің жөндеу жұмыстары аяқталды, Советское және Қарақоға ауылдарында жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруды жалғастырамыз. Әкімдіктердің қызметі барынша ашық. Әр түрлі әлеуметтік желілерде бірнеше ресми аккаунттар бар. Ауданның чат жеделхаты және «Халықтық бақылау» ватсап нөмірі бар, жазылушылардың жалпы саны 10 мыңнан астам адамды құрайды.

Жеделхаттарда біз тұрғындардың сұрақтарына жедел жауап беруге тырысамыз. Қала әкімі Азамат Қыраубаев әрдайым байланыста, мен өзім күнде чатты оқып, өзекті сұрақтарды назарға алып отырамын, - деді Қайрат Қайроллаұлы баяндамасын аяқтап.

Қаланың солтүстік аумағында тұратын тұрғындар жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру, автобус бағытын, дәріхана мен полиция тірек пунктін ашу сияқты өзекті сұрақтарды көтерді. Оларға Булаев қаласының әкімі жауап берді.

- Булаев қаласының көшелерін жөндеу тұрақты негізде жүзеге асырылып, жылда 3-4 көше күрделі жөндеуден өтеді. Көшелерді жарықтандыру, ескі ағаштарды кесу, жолдарға қиыршықтастар төсеу жұмыстары да алға қойылған, қазіргі кезде бұл сұрақтардың барлығы қаланы абаттандыру бойынша іс-шаралар жоспарына енгізілетін болады. Әрине, кейбір сұрақтар белгілі бір қаражатты қажет етеді, сондықтан бюджеттік өтінім жасалынып, тиісті органға жолданатын болады. Дәріханаға келетін болсақ, біз аудандағы дәріхана иелеріне ұсыныстар айттық, бірақ әлі жауап жоқ. Полиция тірек пунктін ашу үшін үй-жай қарастырылды, енді оны жөндеп, тиісті жағдай жасау арқылы келесі жылы жүзеге асатын болады, - деді Азамат Қыраубаев.

Сондай-ақ кездесуде аудандық полиция бөлімінің бастығы Бахтияр Есімов сөз алып, халықты интернет алаяқтардан абай болуға шақырды. Полиция қызметкерлері жыл басынан бері ауданда он шақты жағдай орын алғанын айтып, жиналғандарға ескерту жадынамаларын таратты.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР НАЗАРЫНА

# СУБСИДИЯЛАНАТЫН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Жұмыссыз азаматтарды қолдау мақсатында «мансап орталығы» филиалы жыл сайын жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырады.

Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға өтінімдер меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан қабылданады. Бір жылдан астам жұмыс істейтін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ салықтық және басқа да әлеуметтік аударымдарды тұрақты жүргізетін жұмыс берушілер қатысуға жіберіледі.

2023 жылдың 1 қазанынан бастап Enbek.kz порталы арқылы мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарын ұйымдастырғысы келетін жұмыс берушілерден 2024 жылға арналған өтінімдерді қабылдау басталды.

Бұл жұмыс беруші қосымша жасайтын жұмыс орындары, ал мемлекет жұмысшылардың жалақысын толық немесе ішінара өтейді.

Субсидияланатын жұмыс орындарына мыналар кіреді:

* Қоғамдық жұмыстар;
* Әлеуметтік жұмыс орындары;
* «Күміс жас» жобасы
* Жастар тәжірибесі;
* «Бірінші жұмыс орны» жобасы;
* «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы.

«Бірінші жұмыс орны» жобасы бірінші рет жұмыс іздеп жүрген түлектерді жұмысқа орналастыруға арналған; 35 жастан аспаған және жұмыс тәжірибесі жоқ NEET санатындағы жастар. Бірінші жыл ішінде жалақыны 30 АЕК-ке дейін субсидияланады.

«Ұрпақтар келісімшарты» жастарға да арналған, онда кадрлар зейнеткерлікке шыққан жұмысшыларды ауыстыруға дайындалады. 6 ай ішінде 30 АЕК дейін жалақыны субсидияланады.

«Жастар практикасы» бағдарламасы дипломды бес жыл бұрын алған, жұмыс тәжірибесі жоқ 35 жасқа дейінгі жоғары оқу орындарының түлектері арасында жүзеге асырылады. Өту ұзақтығы-жалақыны 30 АЕК-ке дейін субсидиялай отырып, 12 ай.

«Қоғамдық жұмыстар» - бұл халықты жұмыспен қамту орталығы ұйымдастыратын, қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, жалақысы 20 АЕК-тен төмен емес субсидиялай отырып, 12 айдан аспайтын кезеңге әлеуметтік пайдалы бағыты бар еңбек қызметінің түрі.

«Әлеуметтік жұмыс орнын» жұмыс беруші жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін құрады, олардың арасында басымдықты аз қамтылған және көп балалы отбасылардың мүшелері, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған адамдар пайдаланады. Бұл ретте жалақыны мемлекет субсидиялайды (35%-ға дейін, бірақ 20 АЕК-тен аспайды).

«Күміс жас» - 50 жастан асқан адамдар үшін еңбек ұтқырлығы орталығымен жасалған шарт негізінде жұмыс беруші құрған жұмыс орны. 36 ай өткеннен кейін жұмыс беруші зейнеткерлікке шыққанға дейінгі зейнеткерлік жастағы адамдар үшін, зейнеткерлік жасқа толмаған адамдар үшін - кемінде 1 жыл тұрақты жұмыс орнын ұсынады. Жалақы: жұмыс беруші белгілейді, ішінара еңбек ұтқырлығы орталығы төлейді, бірақ 30 АЕК-тен аспайды (алғашқы 12 айда - 70% - мемлекеттен, 30% - жұмыс берушіден; 13 айдан 24 айға дейін - 65% - мемлекеттен, 35% – жұмыс берушіден; 25 айдан 36 айға дейін – 60% – мемлекеттен, 40% – жұмыс берушіден)

Өтінімдерді қабылдау 2023 жылдың 31 қазанына дейін жалғасады.

Мансап орталығына онлайн-өтінімді Enbek.kz жеке кабинетінде беруге болады, мансап орталығымен келісімшарт

enbek
Электрондық
еңбек биржасы

жасасқаннан кейін қолайлы кандидатты таңдап, оны жұмысқа қабылдайды.

Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысқысы келетіндер Enbek.kz порталынан толық ақпарат ала алады немесе Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А, бірінші қабат (ескі емхана ғимараты), телефон 8(71531)2-81-94, 2-81-54 мекенжайы бойынша мансаптық орталығына жүгіне алады.

**Сергей КВАСИБОРСКИЙ,**
**«Мағжан Жұмабаев ауданының мансаптық орталығы» филиалының директоры.**

# «ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ» ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ТАҒАЙЫНДАУҒА ӨТІНІШ БЕРУ




«Egov» Электрондық үкімет – бұл ақпараттық технологиялардың көмегімен олардың жүйелілігін қамтамасыз ететін мемлекет пен азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бір бірімен өзара әрекеттесуінің біртұтас механизмі. Дәл осы механизм мемлекеттік органдардағы кезектерді қысқартуға және анықтамаларды, рұқсаттарды және т.б. алуды жеңілдетуге және жеделдетуге мүмкіндік берді.

**Маңызды!**

Egov.kz порталында әлі Жеке кабинетіңіз болмаса, оны жасауыңыз қажет. Мұны электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалану арқылы тіркеу процедурасынан өту арқылы жасауға болады.

Сіз Egov.kz сайтында үйден шықпай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш бере аласыз.

«Әлеуметтік қамсыздандыру» бөлімінде «Отбасыларға көмек» қойындысын басып, ұсынылған қызметтердің ішінен «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау» тармағын таңдап, ашылған бетте «Қызметке онлайн тапсырыс беру» түймесін басыңыз. Өтінішті толтыру кезінде «Қазпошта» АҚ немесе «Халық банкі» АҚ-да өтініш берушінің атына ашылған жеке шот нөмірін (IBAN) көрсету қажет.

Өтініштің қаралғанын және атаулы әлеуметтік көмектің есептелуі бекітілгенін білу үшін «Электрондық үкімет» порталындағы Жеке кабинетте «Алынған қызметтерді алу тарихы» бөліміне кіріп, өңдеу туралы хабарламамен танысу қажет.

# САНДЫҚ ОТБАСЫЛЫҚ КАРТА

**2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтарға уәкілетті органдарға хабарласпай-ақ әлеуметтік көмек алуға мүмкіндік беретін «Цифрлық отбасы картасы» ресурсын енгізу пилоттық режимде басталды. Цифрлық отбасы картасын жасау және толтыру үшін қажетті ақпаратты алу үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция қамтамасыз етілген.**



Сандық отбасылық картасының мақсаты - интеграцияланған ақпараттық жүйелер арқылы отбасылардың әлеуметтік портретін (оларды қолданбай) жасау және отбасының қаржылық жағдайын, оның отбасының әлеуметтік жағдайын, табысын, өмір сүру деңгейін және әл-ауқатын анықтау болып табылады. Әлеуметтік қауіп туындаған жағдайда, Цифрлық карта жәрдемақы немесе әлеуметтік төлемді проактивті түрде, яғни алушының өтінішін күтпей-ақ алу мүмкіндігін береді.

Цифрлық картаны алу алгоритмі келесідей жүзеге асырылады: мемлекеттік қолдау алуға құқығы бар отбасына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен азаматтың мемлекеттік қолдаудың әлеуетті алушысы екендігі туралы SMS хабарлама келеді. SMS хабарлама проактивті форматта жеңілдіктерді тағайындауға келісу немесе бас тарту құқығын береді.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап цифрлық отбасы картасы әлеуметтік қорғау (зейнетақы төлемдері) саласындағы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің тоғыз түрі бойынша тізімді кеңейтті:

- жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер;
- бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер;
- жұмысынан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлемдер;
- асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік жәрдемақылар;
- мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-анаға (қамқоршыға) берілетін жәрдемақы;
- мүгедектік бойынша жәрдемақы;
- көп балалы отбасыларға жәрдемақы;
- «Күміс алқа» немесе «Алтын алқа» алқасымен марапатталған көп балалы аналарға жәрдемақы;
- атаулы әлеуметтік көмек.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізіледі.

2025 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылады.

**Сәуле ЖАҚЫПОВА,**
**мансаптық орталықтың маманы.**

МАМАН КЕҢЕСІ

# МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ



Медициналық көмекке байланысты инфекциялар (МКБИ) - бұл науқасқа ауруханаға түсу немесе медициналық көмекке жүгіну нәтижесінде науқас ауруханада болған кезде немесе оны шығарғаннан кейін ауру белгілерінің пайда болуына қарамастан әсер ететін микробтық шығу тегі бар кез келген клиникалық айқын аурулар.

МКБИ проблемасы антибиотиктер мен дезинфекциялау құралдарына толық төзімділігі бар МКБИ қоздырғыштарының госпитальдық штаммдарының қалыптасуымен және кең таралуымен тығыз байланысты, бұл пациенттерді емдеу сапасына және профилактикалық шаралардың тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Бұл ретте, әдетте, МКБИ жағдайлары санитариялық қағидалар мен нормативтердің, санитариялық-эпидемияға қарсы және дезинфекциялық-зарарсыздандыру режимдерінің талаптарын бұзумен байланысты.

МКБИ көбінесе иммунитеті төмен адамдарда кездеседі. Әрине, барлық науқастарда дененің қорғаныс функциялары белгілі бір дәрежеде төмендейді, бірақ ең сезімтал адамдар бар. Оларға келесі адамдар жатады: егде жастағы адамдар; жаңа туған нәрестелер; негізгі патологияның ауыр ағымы, созылмалы және бірнеше қатар жүретін аурулары бар науқастар және т. б.

Медициналық ұйымдарда МКБИ пайда болуының және таралуының алдын алу мақсатында профилактикалық және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар уақтылы және толық көлемде жүргізілуге тиіс.

АИТВ-инфекциясының, В, С вирустық гепатиттерінің және басқа да ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу мақсатында тері мен шырышты қабаттардың тұтастығын бұза отырып немесе шырышты қабаттардың бетімен жанасатын манипуляциялар кезінде қолданылатын барлық медициналық мақсаттағы бұйымдар дәйекті түрде: дезинфекциялауға, зарарсыздандыруға дейінгі тазартуға, зарарсыздандыруға, кейіннен микроорганизмдермен қайталама ластануды болдырмайтын жағдайларда сақтауға жатады. Жұмыста медициналық мақсаттағы материалдар мен бұйымдарды өнеркәсіптік зарарсыздандыруды бір рет қолдану МКБИ пайда болу қаупін едәуір төмендетеді.

Барлық үй-жайлар, жабдықтар, медициналық және басқа да керек-жарақтар таза ұсталуы тиіс. Үй-жайларды ылғалды жинау (едендерді, жиһаздарды, жабдықтарды, терезе төсеніштерін, есіктерді және т.б. жуу) күніне кемінде 2 рет, ал қажет болған жағдайда жиі жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Стерильділіктің ерекше режимін сақтауды талап ететін үй-жайларда жалпы тазалау, асептиктер мен антисептиктер (операциялық, таңу, родзалдар және т.б.) аптасына 1 рет жүргізіледі, тазалаудан кейін, сондай-ақ ағымдағы пайдалану процесінде мезгіл-мезгіл ультракүлгін стационарлық немесе жылжымалы бактерицидтік шамдармен сәулелендіру қажет.

Антибиотиктерді профилактикалық тағайындау (антибиотиктердің алдын алу) хирургиялық араласудан кейінгі инфекциялық асқынулардың алдын алудың ең тиімді шараларының бірі болып табылады. Медициналық ұйымдардың қызметкерлері гигиена мен қол жууға қатысты барлық талаптарды қатаң сақтауы, медициналық қолғаппен инвазивті процедураларды орындауы керек. Медицина қызметкерлерінің қолдары мен пациенттердің терісін дезинфекциялау үшін жаңа тиімді тері антисептиктерін енгізу әртүрлі медициналық манипуляцияларды жүргізу кезінде асқынулардың пайда болуының тиімді алдын алуды қамтамасыз етеді.

Медициналық персоналдың эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтауы МКБИ ауруының қаупін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

**Мүлиха ШИБУЧИКОВА,**
**Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**

15 ҚАЗАН – ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# ӘКЕ ЖОЛЫН ҚУҒАН ҰЛ

***Алдымыздағы 15 қазан – орман шаруашылығы қызметкерлерінің күні. Елімізде бұл кәсіби мереке жыл сайын қазан айының үшінші жексенбісінде аталып өтеді. Бүгінде бүкіл жаһан жұртын алаңдатып отырған экология мәселесінің оңалуына орман шаруашылығының маңызы, соның ішінде, жасыл желекті қорғап жүрген орманшылардың еңбегі орасан зор. Халқымызда «Атадан мал қалғанша – тал қалсын» деген даналық сөз бар. Сондықтан орман – біздің баға жетпес байлығымыз, халқымыздың ен дәулеті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі тал егу, орманды алқаптарды ұлғайту ісіне тікелей назар аударып отыр. Бұл орайда, Мағжан Жұмабаев ауданындағы «Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі де ағаш егу, орманды қорғау мен молайту бойынша ауқымды шаралар атқаруда.***



Осыған орай, біз Конюхов орман шаруашылығында орман шебері болып еңбек етіп келе жатқан Амангелді Шәріпов туралы әңгімелемекпіз. Амангелді Оразұлы 1983 жылы 29 тамызда көршілес Ресей Федерациясы Омбы облысы Верх-Яман ауылында туған. 1992 жылы оның отбасы Мағжан Жұмабаев ауданы Урожайное ауылына көшіп келеді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, еңсесін енді көтеріп жатқан кезде кейіпкеріміздің әкесі Ораз Зейнелұлы әртүрлі қызмет атқарып, 1997 жылы Булаев орман шаруашылығына жұмысқа кіреді. Орманшы болып еңбек еткен ол 2017 жылы зейнетке шыққанша өмірінің 20 жылын орман шаруашылығына арнайды.

«Әкеге қарап ұл өсер» демекші, үйдің кенжесі Амангелді әкесінің күнделікті жұмысын бақылап, кейде бірге орманға шығып, жасөспірімдік шағын қызықты өткізеді.

- Орманды, жалпы табиғатты сүюді әкемнен үйрендім. Бала кезімде әкеммен бірге орман аралап, оның жұмысына қызыққаным жасырын емес. Ну ормандағы таза ауа, әсем табиғат, жасыл желектер, түрлі шөптер, жеміс-жидектер, жабайы аңдар маған үлкен әсер берді. Сондықтан мен өз өмірімді табиғатпен байланыстыруды жөн көрдім, - дейді 15 жыл еңбек өтілі бар А.О. Шәріпов.

2001 жылы мектеп бітірген жас түлек Шучинск қаласындағы экология мен орман шаруашылығы колледжіне оқуға түсіп, 2004 жылы сәтті аяқтап шығады. Сол жылы жас маман орманшы мамандығы бар дипломмен Булаев мемлекеттік орман мекемесіне қарасты Суворов орман шаруашылығының орман шебері лауазымына жұмысқа қабылданады. Ал 2008-2010 жылдары Мамлют мемлекеттік орман мекемесінде еңбек етіп, 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Булаев орман шаруашылығына қарасты Конюхов орман шаруашылығында орман шебері болып жұмыс істейді. 2019 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша бітіріп, жоғары білім алады.

Конюхов орман шаруашылығында Амангелді Шәріповтың қарамағына 5 орман айналымы бар жалпы аумағы 6663 га орман алқабы бекітілген. Оның басшылығымен орман күзетімен қамтылған аумақта Олег Лунегов, Жеңіс Нұрғалиев, Сергей Шмальц, Самат Көшербаев пен Евгений Борисов есімді бес орманшы инспектор қызмет етеді.

- Булаевтан Құралай ауылына дейін ауданның солтүстік шығысында бекітілген учаскеде тәртіп қатаң сақталады. Кеспеағаштарды бөлу және таксациялау бойынша барлық жоспарлы тапсырмалар уақытында орындалады. Шебер учаскесінде табиғат қорғау заңнамасын және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша заңсыз әрекеттерге қарсы рейдтік іс-шаралар жүргізіліп тұрады. Сондай-ақ куәландыру актілерін жасай отырып, ағаш кесу орындарын тексеру, орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын анықтауға орман патологиялық тексеру уақтылы жүргізіледі. Жалпы орман шаруашылығында көктемде 25 гектар ағаш отырғызылды, күзде тағы 25 гектарға аққайың көшеттерін отырғызу жұмысы қызу жүріп жатыр. Сондықтан орманшыларға жүктелген міндет пен жауапкершілік өте зор, - дейді Конюхов орман шаруашылығының орман бастығы Талғат Әлімбаев.

Шынында да қыстың қақаған аязы мен бұрқаған боранында, жаздың аптап ыстығында табиғаттың осынау керемет сыйын көздің қарашығындай қорғау - табиғи және адам қолымен жасалатын апаттардан аман сақтау оңай шаруа емес. Табиғат қорғаушылары жазда ағаш кесуге орман алқаптарын бөлу, зиянкестермен күресу, заңсыз ағаш кесуге жол бермеу, өртке қарсы шаралар атқарса, қыста қылқан жапырақты ағаштарды қорғауға атсалысады.

Жалпы шебер учаскесінде 2021 жылы шығарылған жаңа МТЗ тракторы, минералды сызықтар мен өрт аумағын жыртуға арналған соқа, УАЗ автокөлігі, өрт сөндіру помпасы, рация, су шашырағыш құрылғы және өрт сөндіруге қажетті күрек, шелек, сыпырғы сияқты тағы да басқа саймандармен жабдықталған. Әр орманшы өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, тиісті аумақтағы жұмысын адал атқарып келеді. Одан қалды, мағжандық орманшылар Булаев қаласындағы тәлімбақта тынымсыз еңбек етіп келеді. Ағаштың түр-түрін отырғызу, көшеттерді суару, арамшөп пен зиянкестерден қорғау, күзде қайта қазып орманға жерсіндіру сияқты кідіріссіз жұмыстар еш тоқтаған емес. Керісінше, өткен жылғы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ұлғайып, жаңа қарқынмен жалғасуда.

Өткен жылғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері орман қорының ауданы 6 млн гектарға (25%) ұлғайды. Қазіргі уақытта мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 30,1 млн гектар (1991жылы – 24,0 млн.га), оның ішінде орманмен қамтылған жерлер 13,3 млн гектар жерді (1991 жылы – 10,2 млн. га) немесе 44,3% құрайды. Тәуелсіздік алған жылдары ел аумағындағы орман көлемі 3,9%-дан (1991 ж.) 5,0%-ға (2022 ж.) өсті. Бүгінде Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық бағдарламасы аясында, тұрғындардың қолайлы өмір сүру ортасын құруға, елдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталаған іс-шаралар кеңінен атқарылуда.

Осы ретте, Шәріповтер әулетінің аудандағы орман шаруашылығы саласына қосып келе жатқан үлесі айтарлықтай екенін атап өтеміз. Он бес жылдан бері табанды қызмет етіп, әкесінің жолын қуған ұл – Амангелді елі үшін пайдалы істі жалғап, ауданның орман алқаптарын сақтау, экологиялық ахуалын жақсарту, жануарлар дүниесін қорғау мақсатында тынымсыз еңбек етуде. Оның жары Роза Болатқызы да бірнеше жыл орман шаруашылығында бас есепші қызметін атқарып, осы салаға өз үлесін қосқанын айта кету керек. Табиғатты жанындай сүйетін жарасымды жанұяда Әдия есімді сұлу қыз тәрбиеленіп жатқаны да кездейсоқ емес. Болашақта ол да мүмкін табиғатты қорғау саласын таңдап, атасы мен әкесінің жолын қуып, ауданымыздың таза табиғатын сақтап, келешек ұрпаққа аманат ретінде қалдыру үшін тер төгер.

Ендеше, төл мереке күні барша орман шаруашылығы қызметкерлеріне Мағжан елінің жайқалған желегін, жан-жануарларын халық игілігіне жарату жолында атқарып жүрген ерен еңбектеріне табыс, дендеріне саулық, отбасыларына амандық, бақ-береке мен игілік тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

14 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СТАНДАРТТАУ КҮНІ

# «ЖАҚСЫ ӘЛЕМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ КӨЗҚАРАС»

**Дүниежүзілік стандарттау күні жыл сайын 14 қазанда атап өтіледі. Ол 1970 жылы ISO Президенті Фарук Сунтердің бастамасымен әлемнің барлық экономикалары үшін стандарттаудың маңыздылығын атап өту және ондаған мың стандарттау мамандарына құрмет көрсету үшін енгізілді. Жыл сайын мерекенің жаңа ұраны таңдалады, ол өткізілетін іс-шаралардың негізгі тақырыбына айналады. «Жақсы әлем туралы жалпы көзқарас» - биылғы Дүниежүзілік стандарттау күнінің тақырыбы.**




Халықаралық стандарттаудың басталуы 1875 жылы 19 мемлекет өкілдерінің халықаралық метрикалық конвенцияны (Париж, Франция) қабылдауы және халықаралық салмақ пен өлшем бюросының құрылуы деп санауға болады.

Посткеңестік кеңістікте стандарттаудың дамуының басталуы өлшемдер мен салмақтардың метрикалық жүйесін енгізу деп санау керек. 1925 жылы алғашқы Орталық стандарттау органы — Еңбек және Қорғаныс Кеңесі жанындағы стандарттау комитеті құрылды.

1940 жылы Бүкілодақтық стандарттау комитеті құрылды.

1992 жылы Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау Комитеті құрылды. 1993 жылы «Стандарттау және сертификаттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу және қолдану арқылы тұтынушылардың мүдделерін мемлекеттік қорғау шараларын айқындады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында 2018 жылы күшіне енген «Стандарттау туралы» заң қолданыста. Стандарттаудың негізгі мақсаттары: отандық өнімнің, процестер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу; мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету; өнімнің, процестер мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру; Халықаралық стандарттау жүйесіне интеграциялау жағдайларын жасау үшін саудадағы техникалық кедергілерді жою болып табылады; тұтынушыларды өнімнің, процестер мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу; халықтың қауіпсіздігі мен өмір сүру сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасау.

Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры бүгінгі күні стандарттау жөніндегі 73 мыңнан астам құжаттарды қамтиды.

14 қазан - бұл күнді стандарттау саласындағы мамандар ғана емес, бүкіл халық санай алады. Өйткені, біз барлық айырмашылықтармен, жасына және кәсібіне қарамастан, тұтынушылармыз. Біздің өміріміздегі стандарттарсыз қадам жасау мүмкін емес. Олар бізді барлық жерде қоршап алады. Біз, әдетте, күнделікті өмірде қолайсыздық тудырмайынша стандарттар туралы ойламаймыз.

Шынында да, күнделікті өмірді стандарттарсыз елестету өте қиын. Сіздің өміріңіздің кез-келген күнін алыңыз, сонда сіз көптеген стандарттар күнделікті өмірдің аспектілерін қолдайтынына таң қаласыз. Бұл телефон желілерінің жаһандық байланысын қамтамасыз ететін стандарт болсын, жабдықтың электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз ететін стандарт. Стандарттар компанияға қызмет көрсетуге көмектеседі және басқарудың тиісті сапасы мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, қауіпсіздікті, адам денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауды насихаттау арқылы өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Біздің өңірдің өнімдері мен қызметтерінің сапасын арттыруға және дамытуға тікелей қатысатын, стандарттау мәселелеріне қандай да бір дәрежеде қатысы бар құрметті мамандарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз! Қазақстандықтардың өркендеуі мен әл-ауқатының өсуі үшін зор денсаулық, шығармашылық табыс және жемісті жұмыс тілейміз.

Екатерина ПАРШИНА,
«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

ҚАРИЯЛАР МЕН МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚОЛДАУ АЙЛЫҒЫ



# ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

***Ата-бабадан жалғасып келе жатқан қазақ халқының өнегелі қасиеттерінің бірі - қариясын құрметтеу. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтылмаса керек. Қазақ халқы қашанда қариясына ізет пен құрмет көрсеткен.***

Бүгінгі қарт-қарияларымыз бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі уақытта біздің мемлекетімізде қарт кісілерге үлкен мән беріп, ерекше көңіл бөлуде. Үкімет тарапынан жан-жақты қамқорлық жасалуда.

Жыл сайын біздің Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте Халықаралық қарттар күні аталып өтеді. Мектебімізде көп жылдар бойы еңбек етіп, зейнеттіке шыққан ардагерлерді мектепке шақыру дәстүрге айналып кетті.

Білім ордасында қызмет еткен ұстаздар мен қызметшілер өз тәлім-тәрбиелерін беріп, білімі ордасының жағдайын ойлап жүрген. Осы еңбектерін ескере отырып және ұмытпайтын Ербол Жекенов басқарып отырған ұжым да әрқашан мектептің ардагерлерін құрметтейді.

1-ші қазан – Халықаралық қарттар күніне орай мектептің ардагерлеріне арнап «Даналық дариясы» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Ұжым мен оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, өз қолдарынан сыйлықтар жасап, қарттарымызды қошеметпен қарсы алды. Ата-әжелеріміз риза болып, өз баталарын беріп, көңіл-күйлері бір көтеріліп қалды.

**Жұлдыз ӘМІРЕНОВА,**
**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің кәсіподақ төрайымы.**

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ





# ҰСТАЗДАРҒА СЕНІМ ЗОР

5 қазан – Ұстаздар күніне орай, Құралай ауылына арнайы барған редакция ұжымы «Қазпошта» АҚ аудандық пошта байланысы торабының басшысы Жанат Самаратов-пен бірге Қызыл Қазақстан орталау мектебінің ұжымымен кездесті. Меймандар мұғалімдерді төл мерекелерімен құттықтап, Алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етті.

Мектеп ұжымы жылда аудандық газеттерге жазылуға белсене қатысып, қолдауларын аяған емес. Ұстаздардың мақалалары аудандық басылымдарда үнемі жарық көріп тұрады. Мемлекеттік тіл, салт-дәстүр, бала тәрбиесі сияқты ұлттық құндылықтарды насихаттауда ауыл мұғалімдерінің еңбегі зор. Өйткені ауыл мұғалімі ауылдастары арасында ақыл-кеңестерін айтатын, қоғамға бағыт-бағдар беруші, білімді де жан-жақты тұлға. Содан болар, ауылдағы ағайын кез келген сұрақта, бірінші кезекте, ұстаздарға арқа сүйеп, бет түзейді. Бір сөзбен айтқанда, ұстазды - үлгі тұтады.

- Ұстаздар мерекесімен құттықтай отыра, мен бүгін мектеп ұжымын жыл сайын аудандық басылымдарға жазылуға белсене қатысатынын атап өткім келеді. Шынында да ауыл халқы, әсіресе, жастар Сіздерден үлгі-өнеге алады. Сіздердің арттарыңыздан еріп, барлық бастамаларыңызды қолдайды. Сол себепті, 2024 жылға арналған баспасөзге жылдағыдай белсене араласып, әсіресе, «Мағжан жұлдызы» және «Вести» аудандық басылымдарға көптеп жазыласыздар деген сенімдемін. Қаймағы бұзылмаған Құралай ауылының тұрғындары ана тілімізде жарық көретін «Мағжан жұлдызы» газетіне зор қолдау білдіреді деген үміттемін, - деді Жанат Секенұлы.

Биыл мерейтойы дүркіретіп тойланған Мағжан бабамыз «Алты Алаштың басы қосылса, төр - мұғалімдікі» деп дәл айтқан. Ендеше, ұстаздарға деген құрмет пен сенім әрқашан биік болсын!

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

БАСПАСӨЗ - 2024



# ГАЗЕТ ОҚЫРМАНЫМЕН КӨРІКТІ

**9 қазан - Пошташылар күні «Қазпошта» акционерлік қоғамының аудандық пошта байланысы торабында кезекті мерзімді баспасөзге жазылу науқанына арналған акция өтті. Пошташылар мұндай шараны ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Бұл күні оқырмандар өздерінің сүйікті газет-журналдарына жазылып, редакция өкілдеріне сауалдарын қойып, жылы лебіздерін арнап, мәре-сәре болып қалды.**

Баспасөздің басқа ақпарат құралдарынан, соңғы кезде жұртшылық назарын жаулауға айналған ғаламтор мен әлеуметтік желіге ауғаны рас. Дегенмен, әлемдегі ең дамыған, алпауыт мемлекеттердің өзі газеттен бас тартқан жоқ. Керісінше, баспасөзді басқа бұқаралық ақпарат құралдары мен ғаламтордың тасасында қалдырмауға, дамытуға күш салып отыр. Өйткені тасқа басылған газет сөзі - қашанда соңында сұрауы, жауапкершілігі бар, салмақты сөз. Газет сөзі - ертеңгі күні тарих парағына айналатын, ұрпаққа аманат болып қалатын асыл сөз.

Осыған орай, аудандық пошта байланысы торабында баспасөзге жазылуға жауапты маман Аққу Үмітбайқызы бастаған пошташылар оқырмандарды жылы қарсы алып, ыстық шай мен тәттілер жайылған дастарқаннан дәм татуға шақырды. Сондай-ақ келушілер пошташыларды 9 қазан – Дүниежүзілік пошта күнімен құттықтап, ізгі тілектерін арнап жатты. Бұл күні газетке жазылған тұрғындарға естелік сыйлықтар табыс етілгенін атап өткен жөн. Мерзімді баспасөзге жазылу науқанының алғашқы күні мағжандықтар жүзге жуық әртүрлі басылымдарға жазылып, белсенділік танытты. Сондықтан алдағы уақытта да аудандық басылымдарға жанашыр жандар газетімізді қолдап, өз үлестерін қосады деген үміттеміз.

Тарихқа көз жүгіртсек, Біріккен Ұлттар Ұйымы ауқымында атап өтілетін бұл күн 1969 жылы пошташылардың Токиода өткен конгресінде ресми бекітілген. Ал қазақтың тәуелсіз пошта қызметі 1993 жылы құрылған. Яғни ресми түрде мемлекеттік мәртебеге ие болған "Қазпошта" қызметіне биыл 30 жыл толып отыр.

СҰРАҚ-ЖАУАП

# «БЖЗҚ» АҚ ӨЗЕКТІ САУАЛДАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ




**1. Ағымдағы жылдың тамыз айында еңбек сіңірген жылдарым бойынша зейнетке шықтым. Менің зейнетақы жинақтарымды толық көлемде алуға мүмкіндігім бар екенін естідім. Рас па? Олай болса, мұны қалай іске асыруға болады және мен оларды қалай пайдалана аламын?**

Иә, шынымен де солай. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетке еңбек сіңірген жылдары бойынша шыққан отандастарымыз міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқылы және оларды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе емделуге толық көлемде ала алады. Бірақ пайдалануға өтінім бермес бұрын БЖЗҚ-да жинақтардың бар-жоғын және алуға болатын сомасын нақтылау қажет. Одан кейін сіз уәкілетті операторларға хабарласуыңыз керек. Тұрғын үйге зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге пайдалану бойынша уәкілетті операторлар – "Отбасы банкі "тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ (портал www.enpf-otbasy.kz), "Қазақстан Халық банкі" АҚ, "Altyn Bank" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ және "Банк Фридом Финанс Қазақстан"АҚ. Ал емделу бойынша тек "Отбасы банкі" уәкілетті оператор болып табылады.

**2. Жұбайым екеуміз зейнетақы жинағымызды инвестициялық компанияға аударғымыз келеді. Біз қанша соманы, қалай пайдалана аламыз? Депозиттердің сақталуына кепілдік бар ма?**

Жинақтарды бір немесе бірнеше инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) аудару туралы шешім қабылдай отырып, салымшы Қордың www.enpf.kz сайтындағы Жеке кабинет арқылы немесе кез келген бөлімшеге жеке жүгінген кезде беруге болатын өтінішпен БЖЗҚ-ға жүгінуі қажет. Барлық қажетті ақпаратпен қадамдық нұсқаулықты сайттағы ҚЫЗМЕТТЕР – ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ БІР БӨЛІГІН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА АУДАРУ бөлімінен, сондай-ақ, Youtube-арнасындағы біздің бейненұсқаулықтан көруге болады.

Әлеуметтік Кодекс 2023 жылғы 1 шілдеде күшіне енген кезден бастап, зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқаратын компанияларға сенімгерлік басқаруға беру кезінде ең төменгі жеткіліктілік шегі ескерілмейтін болды. Салымшылар міндетті зейнетақы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтардың 50% дейін аудара алады. Егер ерікті зейнетақы жинақтары болса, оларды толық көлемде беруге болады.

Қазіргі уақытта нарықта инвестициялық портфельдің бес менеджері жұмыс істейді. Олардың толық тізімімен www.enpf.kz сайтында танысуға болады.

Бұл реттеуші – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына сәйкес келетін компаниялар. Сондай-ақ, бұл компаниялар БЖЗҚ-мен және кастодиан банкпен сенімгерлік басқару туралы шарт жасасты. Басқарушы компанияны таңдағанда, оның тарихын, сондай-ақ, инвестициялық декларациясын, инвестициялық қызметке шолу, инвестициялау тәжірибесі мен нәтижелерін мұқият зерделеуге кеңес береміз.

Зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы жинақтар бойынша ғана беріледі. Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аудару кезінде мемлекеттің кепілдігі басқарушы компанияның кепілдігімен ауыстырылады. Ол активтер кірістілігінің ең төменгі деңгейінен төмен емес кірісті қамтамасыз етуі керек. Бұл деңгей зейнетақы активтерін басқару нарығында жұмыс істейтін барлық ИПБ-ларға басқаруға берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігі негізінде есептеледі.

**3. Соңғы өзгерістерге сәйкес, БЖЗҚ зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы мөлшерін азайтты. Бұл нені білдіреді?**

2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің бағыттарының бірі – зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін одан әрі жетілдіру. Осыған байланысты бірқатар жаңалықтарды іске асыру көзделген.

Өзгерістер БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақысының шамасына да қатысты. Ол 01.07.2023 жылдан бастап айына 0,01-ден 0,008 пайызға дейін төмендеді. Бұл ретте ол республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған 0,04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің туындысы ретінде айқындалатын шамадан және тиісті күнтізбелік айдың 1-ші күніндегі жағдай бойынша БЖЗҚ-да ашылған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының санынан аспауға тиіс.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ комиссиялық сыйақысы бұрын 2021 жылы қайта қаралған болатын. Осы кезден бастап БЖЗҚ комиссиясы зейнетақы активтерінің 0,01% аспады. Сонымен қатар, 2021 жылдан бастап БЖЗҚ инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алмайды. Оны тек зейнетақы активтерін басқарушылар ғана алады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ, инвестициялық табыстың 2% аспайды) және инвестициялық портфельді басқарушылар (инвестициялық табыстың 7,5% аспайды). Бұл ретте 2023 жылы инвестициялық табыстан ҚРҰБ комиссиялық сыйақысының шамасы 1,5%, ал 2022 жылы 1,8% болды.

Айта кетейік, БЖЗҚ құрылған кезде комиссиялық сыйақы мөлшері БЖЗҚ үшін инвестициялық кірістің 7,5% және зейнетақы активтерінен айына 0,025% аспауы тиіс екендігі заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Бұл жеке ЖЗҚ-лар алып отырған шамадан екі есе аз. Сонымен қатар, БЖЗҚ ҚР ҰБ-пен бірлесіп жыл сайын комиссиялық сыйақыны төмендету және Қор шығындарын оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізді. Мысалы, 2016-2017 жылдары зейнетақы активтерінен комиссия 0,0225%, 2018-2019 жылдары 0,015%, 2020 жылы 0,011% құрады.

Осылайша, БЖЗҚ қызметі кезінде зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы 68% төмендетілді.

Алынған қаражат, ең алдымен, салымшылар мен алушыларға арналған сервистерді дамытуға, салымшылардың жеке деректері туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге және Қор қызметінің басқа да бағыттарына жұмсалады. БЖЗҚ көрсететін барлық қызметтер ақы алынбай-ақ ұсынылады.

**4. Жерлеуге берілетін төлем сомасы көбейді деп естіген ем... Қазіргі сәтте оның мөлшері қандай екенін білуге бола ма?**

Иә, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қабылданған Әлеуметтік кодекске сәйкес, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшері шегінде қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен жерлеуге біржолғы төлем жүргізіледі. Бірақ бұл сома қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) бар қаражаттан артық болмауы тиіс.

Егер қайтыс болған адамның ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін АЕК мөлшерінен аспайтын соманы құраса, бұл қалдық қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді. Естеріңізге сала кетейік, бұрын жерлеуге арналған біржолғы төлемге өтінішті жерлеуді жүзеге асырған адамдар да бере алатын, ал төлем 52,4 еселенген АЕК-ке тең сома болатын.

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, жинақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. БЖЗҚ-ның жерлеуге, мұрагерлерге берілетін төлемді жүзеге асыру тәртібі, мерзімдері және қажетті құжаттар тізбесі туралы БЖЗҚ сайтынан толық біле аласыз.

**5. Менің әпкеме мүгедектік тағайындалған. Ол зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы төлемдерін алуға құқылы ма?**

БЖЗҚ өз салымшыларына (алушыларына):

- міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі,
- ерікті зейнетақы жарналары және тобы мен мерзіміне қарамастан мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары есебінен белгіленген кесте бойынша жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екені туралы хабарлайды.

Салымшыға (алушыға) өзінің мәртебесін растайтын құжаттарды көрсетудің қажеті жоқ. БЖЗҚ салымшының (алушының) Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес берілетін келісімімен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" ақпараттық жүйесінен мәліметтерді веб-сервис арқылы сұрау жолымен мүгедектіктің (тобы, белгіленген мерзімі) болуын дербес тексереді. Бұл әрекет Еңбек министрлігі, Мемлекеттік корпорация және БЖЗҚ арасында жасалған келісім шеңберінде "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" арқылы жүзеге асырылады.

Зейнетақы жинақтары төлеміне өтінішті БЖЗҚ-ға enpf.kz сайты, кеңсеге жеке жүгіну немесе сенім білдірген тұлға, сондай-ақ, пошта арқылы беруге болады.

Өтінішті enpf.kz сайты арқылы беру туралы толық нұсқаулықты осы жерден көруге болады.

БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға Барып қызмет көрсету бөлімдері ұйымдастырылғанына назар аударғымыз келеді. Бұл ретте алдын-ала кеңес алу, оның ішінде қызметтерді қашықтықтан, ешқайда шықпай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүзеге асырылады.

# «БЖЗҚ» АҚ 1,9 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ ӨТІНІШТІ ОРЫНДАДЫ

**«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қазақстандықтардың тұрғын үй сатып алуға және (немесе) емделуге берілген 1,9 млн жуық өтінішін орындады. Олар бойынша уәкілетті оператор-банктерде ашылған арнайы шоттарға шамамен 3,7 трлн теңге аударылды. Өздеріңіз білетіндей, зейнетақы жинақтарын азаматтар тұрғын үйге, емделуге немесе басқарушы компанияларға аударуға БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының қолжетімді сомасы шегінде бірнеше рет пайдалана алады.**

## ТҰРҒЫН ҮЙГЕ

2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша биылғы жылғы қаңтардан бастап БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын пайдалануға берген 1,4 млн астам өтінішін орындады. Қазақстандықтардың уәкілетті оператор-банктерде ашылған арнайы шоттарына БЖЗҚ шамамен 3,3 трлн теңге қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы шамамен 2,3 млн теңге.

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға өтініштердің ең көп санын Алматы қаласының (уәкілетті операторларға аударылған жалпы соманың 23,12%), Маңғыстау облысының (16,28%), Астана қаласының (13,86%) тұрғындары жолдады. Қордың www.enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" бөлімінде азаматтардың біржолғы зейнетақы төлемдеріне өтініштерді қандай мақсаттарға беретіні, оның ішінде өңірлер бөлінісі ("Біржолғы зейнетақы төлемдері мақсаттары бойынша" және "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері" бөлімшелері) бойынша ақпарат орналастырылған.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын пайдалану мақсаттарын талдай отырып, мынадай қорытынды жасалды. Барлық өтініштердің шамамен 34,94% – азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу), өтініштердің 21,18% – тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына одан әрі жинақтау үшін салымды толықтыру, 15,77% - ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті ішінара өтеу (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде), 15,19% - тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық қарыз бойынша берешекті ішінара өтеу мақсаттарына жұмсалыпты.

Азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға берген өтініштерін қабылдайтын уәкілетті оператор-банктердің қатарында "Отбасы банк "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, "Қазақстан Халық банкі" АҚ, "Altyn Bank" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ және "Банк Фридом Финанс Қазақстан"АҚ бар.

Атап кетейік, уәкілетті операторлардан 488,86 млрд теңге салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) қайтарылды, себебі, отандастарымыз біржолғы зейнетақы төлемдерін өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланбаған.

## ЕМДЕЛУГЕ

БЖЗҚ емделуге ақы төлеу үшін жалпы сомасы 391,79 млрд теңге болатын 457 513 өтінішті орындады. Алынған соманың орташа мөлшері 0,86 млн теңге.

Өтініштердің 96% астамы стоматологиялық қызмет алу үшін, 2,5% офтальмологиялық қызметтерді алу бойынша орындалды. Қалған медициналық бағыттарға зейнетақы жинақтарының 1% азы пайдаланылды.

Салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на 35,13 млрд теңге қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған.

Зейнетақы жинақтарын емделуге пайдалану бойынша өзекті статистикамен www.enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" - "Емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері" бөлімінде танысуға болады.

## ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУҒА

Инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 18.02.2021 ж. бастап 12,7 млрд теңге аударылды. БЖЗҚ 9 240 өтінішті орындады. Аударымның орташа сомасы шамамен 1,4 млн теңге. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша толық статистика enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" – "Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру" бөлімінде қолжетімді.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ бес ИПБ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартқа отырған. Сіз олар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларацияларын enpf.kz сайтындағы "Қызметтер" – "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі" бөлімінде біле аласыз. Атап кетейік, шамамен 12,7 млрд теңгенің 39,4% немесе 5 млрд теңгесі "Jusan Invest" АҚ-ға, 22,6% немесе 2,9 млрд теңгесі "Halyk Global Markets" АҚ-ға, 16,7% немесе 2,1 млрд теңгесі "BCC Invest" АҚ-ға, 13,3% немесе 1,7 млрд теңгесі "Halyk Finance" АҚ-ға, 8% немесе 1 млрд теңгеден сәл асатын сома "Сентрас Секьюритиз"АҚ-ға аударылған.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар өздерінің міндетті жарна және міндетті кәсіптік жарна түрлері (МЗЖ және МКЗЖ) есебінен жинақтарының 50% дейін жеткіліктілік шегін есепке алмай-ақ, ИПБ басқаруына бере алады. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтарды инвестициялық басқаруға 100% көлемде беруге болады. 2023 жылдың шілде-қыркүйек айларында бұл құқықты 2 479 отандасымыз пайдаланып, портфельді басқарушыларға 3,8 млрд теңге қаржы аударды. Бұл ретте БЖЗҚ қаржы аударуға берілген 3 240 өтінішті орындады.

Зейнетақы активтерін ИПБ сенімгерлік басқаруына бастапқы бергеннен кейін салымшы БЖЗҚ-ға жылына көп дегенде бір рет қана зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне сенімгерлік басқаруға аудару туралы өтініш беруге құқылы. 2022 жылғы 16 наурыздан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде 122 өтініш беруші ИПБ ауыстырды. БЖЗҚ жалпы сомасы 403 млн теңгені бір ИПБ-дан екіншісіне ауыстыру туралы 173 өтінішті орындады.

01.07.2023 жылдан бастап ИПБ басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ басқаруына қайтару мерзімі екі жылдан бір жылға дейін қысқарды. 2023 жылғы 15 наурыз бен 30 қыркүйек аралығында БЖЗҚ жалпы сомасы 2,5 млрд теңгеге қаражатты ИПБ-дан ҚРҰБ-қа аудару бойынша 418 отандасымыздан түскен 693 өтінішті орындады. Нәтижесінде, инвестициялық кірісті қоса есептегенде 11,8 млрд теңге ИПБ басқаруында.

Естеріңізге сала кетейік, ИПБ БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген және ИПБ Инвестициялық декларациясында көзделген инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақы жинақтары Ұлттық банктің басқаруында болған кезеңде салымшы зейнет жасына жеткенге дейін инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік қолданылады. Зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруына аудару кезінде мемлекеттің кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Ол зейнетақы активтерін басқару нарығындағы барлық ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа өлшенген кірістілігін негізге ала отырып есептеледі.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі.**

ҚАЗАҚКҮРЕСІ

# «ЖАС БАРЫС» ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРІНЕН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ





***7-8 қазан күндері Қызылжар ауданы Бескөл ауылында 2006-2007 жылы туған, 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен (Жас барыс) облыстық турнирі болып өтті. Аталмыш жарысқа облыс орталығы мен аудандарынан 100 астам спортшы қатысты. Боз кілемде мағжандық балуандар да бағын сынап, ауданның балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің (БЖСМ) тәрбиеленушілері жүлделі оралды.***

Мәселен, Амангелді Бәкіров жаттықтыратын Булаев қаласындағы кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжінің студенті Тамерлан Ғабдуллин күміс медальды еншілесе, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің оқушылары Диас Тәшенов, Жарас Қалдыров, Даниал Әміржан қола медальдарды иеленді.

Ал Ризабек Үкенов баптайтын Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы Макар Пузиков чемпион атанса, № 2 Булаев орта мектебінің оқушысы Қазбек Үкенов жүлделі 3-ші орынды қанағат тұтты.

Жаттықтырушы-оқытушыларды және тәрбиеленушілерді лайықты өнер көрсетулерімен құттықтап, алдағы жарыстарда тек жеңіс тілейміз!



# ҚОРЖЫНДА КҮМІС ПЕН ҚОЛА

Қазан айының 6-шы жұлдызында Аққайың ауданы Ленинское ауылында ұлағатты ұстаз Р. С. Өркешевті еске алуға арналған 2011-2012 жылы туған ұлдар арасында қазақ күресінен облыстық турнир ұйымдастырылды. Облысымыздың түкпір-түкпірінен келген спортшылар өз аудандарының намысын қорғап, мағжандық жас балуандар да лайықты өнер көрсетті.

Ауданның балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің қазақ күресі бойынша жаттықтырушы-оқытушысы Амангелді Бәкіровтың тәрбиеленушілері Әлішер Әміржан күміс медальды ұтып алса, Сезімжан Тасболат қола медальды жеңіп алды.

Жаттықтырушы-оқытушы мен оның тәрбиеленушілерін табысты өнер көрсетулерімен құттықтап, жеңісті жолды жалғастыра берсін деп тілейміз!

**Владимир КУРИШКО,**
**БЖСМ басшысының орынбасары.**

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Кәмелетке толмағандар арасында және оларға қатысты қылмыс, құқықбұзушылық жасауға жол бермеу мақсатында, Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімінің бастығы және оның орынбасарлары аудандағы барлық мектептерде және колледжде құқықбұзушылықты алдын алу бойынша дәрістер өткізіп, алдын алу тақырыбына сай бейне материалдар көрсетуде.

Бүгінгі күні аудан аумағында кәмелетке толмағандармен бір қылмыс жасалған және кәмелетке толмағандарға қатысты төрт қылмыс жасалған. Осыған орай, полиция сақшылары жасөспірімдермен кездесулер ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын кеңінен өткізуде.

**Нұрбол БАЙМАНОВ,**
**Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімі ЖПҚБ ювеналды полиция тобының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі полицияның аға учаскелік инспекторы, полиция майоры.**

# ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ БӨЛІМШЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІН АРАЛАУДА

10 қазан күні Булаев станциясындағы ЖПб бастығы, полиция капитаны Әлімжан Әліппаев Булаев мектеп-бөбекжай кешенінің акт залында 6-7 сынып оқушыларымен кездесті.

Көлік сақшысы Әлімжан Әліппаев оқушыларға қылмыстық және әкімшілік жауаптылық туралы түсіндіріп, буллингке қарсы тұрудың маңыздылығын атап өтті.

Буллинг дегеніміз - бұл бір баланың, тіпті, балалар тобының нақты балаға қатысты тұрақты жасалатын теріс әрекеттері.

Полиция капитаны балалардың назарын буллингтің белгілері жайында, мектептегі буллинг жағдайлары туралы хабарлау қажеттігі, көмекке кімге жүгіну керектігі туралы ақпаратқа баса назар аударды. Сондай-ақ «102» мобильді қосымшасы туралы айтып, телефондарына орнатуды ұсынды. Оқушылар қысылмай кез келген уақытта мәтін ғана жазып қоймай, сонымен қатар аудио және бейнежазба жолдай отырып, көмекке жүгіне алатынын айтты.

Кездесу барысында Булаев




станциясындағы ЖПб қызметкерлері мен оқушылар арасында ашық диалог орнап, оқушылар білікті маманнан толғандыратын сұрақтарына тиянақты түрде жауап алды.

**Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесі.**

# 2023 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы - Сәрсенов Алмас Мәулітұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел. 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі - Есжанов Мақсат Қайратұлы сәрсенбі, жұма күндері сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Октябрьское ауылы, тел. 2-63-36.

Мағжан Жұмабаев ауданы экономика және қаржы бөлімінің басшысы - Дана Естайқызы Мұқажанова апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 18.20-ге дейін, басшының орынбасары - Наталья Юрьевна Тищенко апта сайын дүйсенбі, бейсенбі күндері сағат 10-10-ден 18-20-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24. тел. 2-19-56, 2-17-97.

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

**Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:**

«Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ - **8(71531) 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-63-36.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ - **8(71531) 2-19-56.**

Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді.
«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй).
Таралымы - 555

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады